

# ҒЫЛЫМЫ ӘЛЕУЕТ АРТЫП КЕЛЕДІ

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде ғалым-геолог, академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына орай «Ғылым, зерттеулер, білім: даму тенденциялары» атты XXIV халықаралық ғылыми-практикалық конференция етті.

Университеттегі «Ғылым айлығы - 2024» іс-шарасы аясында ұйымдастырылған конференцияға профессор-оқытушылар құрамы, шетелдік ғалымдар, докторанттар мен ізденушілер қатысты. Алдымен сөз алған ғылым жөніндегі проректор Әлжан Шәмшидін жиынның маңызына тоқталып етсе, ғалым-ұстаз Сәрсенбек Монтаев Ұлттық ғылым академиясының негізін қалап, езі соның тұнғыш президенті болған Қаныш Сәтбаевтың ғылымға сінірген еңбегінен хабардар етті. Конференция жұмысына қатысқан Польша еліндегі Познань жаратылыстарының ғылымдары университетінің ауыл шаруашылығы ғылымдарының профессоры Роман

Холубович әлемдегі және поляк еліндегі тұқым шаруашылығының дамуы туралы баяндағы. Ал АҚШ-тағы Кембридж университетінің халықаралық қатынастар магистр Калла Ли халықаралық қатынастар, политология ғылыми, соның ішінде жұмыссақ саяси күш пен сандық құрылғылар туралы әңгімеледі. Басқосуға қашықтықтан қосылған ресейлік ғалым, Ю.А.Гагарин атындағы Саратов мемлекеттік техникалық университетінің профессоры Иван Артюхов агрономикалық кешендеге жоғары жиілікті технологияларды қолдану перспективалары турали Жәңгір хан университетінің жас ғалымы, доцент Ербол Ербаевпен бірге дайындаған баяндаамасы тәңірегінде ой



қозғады. Университет ғалымдарының бір – техника ғылымдарының докторы, профессор Ермек Айталиев әріптестерін ғылым қызыметкерлері күнімен құттықтап, конференция жұмысында оқылған баяндалардың өзектілігіне назар аудартты. Конференция жұмысы бұдан әрі институттарда түрлі тақырыптардағы секциялардың отырыстармен жалғасуда.

Соңғы бес жылдық өзінде университет ғалымдары айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. 50-ге тарта өнертабастық патенттерді иеленді. Отандық және халықаралық деңгейдегі жоғары оку орындарымен ғылым мен білім беру саласындағы әріптестік әлеуеті артып келеді. Индустримальды-технологиялық институттың жынынан ашылған Уфа

мемлекеттік мұнай технологиялық университеті өкілдігі – сондай жүйелі жұмыстардың жемісі. Бүгінгі таңда университетте 344 профессор-оқытушы жұмыс істейтін болса, олардың қатарында 12 профессор, 15 ғылым докторы, 25 доцент, 70 ғылым кандидаты, 47 PhD ғалымдар бар.

БҚАТУ медиа орталығы